ДАМУ

Қолжетімді баспананы қалай алуға болады 3-4

ДОДА



Қазалыдағы бокс бәсекесі 5

ШАРА

Мемлекет қолдауы толастамайды 6

НАЗАР

Қызыл алма құрып кетпей ме? 6

Сыр бойы

90 жыл

№183 (19861)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

4 желтоқсан /СӘРСЕНБІ / 2019 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

Көңіл айтты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысында болған автобус апатынан қаза тапқандардың туыстарына көңіл айтты, - деп хабарлайды ҚазАқпарат Президенттің Twitter парақшасына сілтеме жасап.

«Қызылорда облысында автобус апатынан қаза тапқан адамдардың туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын. Зардап шеккендердің отбасыларына қажетті көмек көрсетіледі. Жол қауіпсіздігі тиісті ведомстволар мен әкімдіктердің ерекше назарында болуы тиіс» деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Науқастардың жағдайын сұрады

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов бастап, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова және облыс әкімінің орынбасарлары, облыс әкімі аппаратының басшысы «Құмкөл-Қызылорда» автожолында болған жол-көлік оқиғасы салдарынан зардап шеккен азаматтардың жағдайын білу үшін облыстық медицина орталығы мен қалалық ауруханаға барды.

Осыған дейін облыс әкімі «facebook» парақшасында «Құмкөл-Қызылорда» автожолында болған жол-көлік оқиғасында қаза тапқандардың туғантуысқандары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Бұл – ешкімді бейжай қалдырмаған қайғылы оқиға болды...» деп жазды.

Айта кету керек, кеше «Кеңлік» кен орнынан Шымкент қаласына бағыт алған автобус жол апатына ұшырады. Көліктің ішінде 36 жолаушы болған. Облыстық көпбейінді ауруханаға 18 азамат түрлі дене жарақатымен жеткізілсе, бүгінде 6 адамның жағдайы ауыр. 5 науқас мамандандырылған бөлімшеде ем алуда, ал қалған адамдарға қажетті ем шаралары көрсетіліп, үйіне қайтарылған. Қалалық ауруханаға 6 адам жеткізілген. Олардың біріне ота жасалған, дәрігерлердің айтуынша, ота ойдағыдай өткен.

– Қазір 2 науқас жансақтау бөлімінде болса, 2 науқас травматологиялық бөлімде. Ал, 2 адам амбулаторлық емдеуге шығарылды. Олар әрі қарай емді емханада жалғастыратын болады, – деді қалалық ауруханаының бас дәрігері Бауыржан Төлеген.

Барлық науқастардың жағдайын арнайы сұрастырған аймақ басшысы оларға тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– Біздің тарапымыздан қажетті көмек көрсетілетін болады. Емдеу шаралары толықтай жасалады. Күш-жігерліңізді жазылуға жұмсаңыздар. Тез сауығып, отбастарыңызға аман-есен оралуларыңызға тілектеспіз, – деді облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов.

Сондай-ақ, облыс басшысы 21 қараша күні Назарбаев даңғылында болған жол-көлік оқиғасында зардап шеккен және «Бәйтерек» шағын ауданындағы тұрғын үйде болған газ жарылысында жарақаттанған науқастардың да жағдайын сұрады.

Сала мамандарының айтуынша, науқастарға тиісті медициналық көмек көрсетілуде, қажетті дәрі-дәрмек толығымен қамтамасыз етілген.

«СБ» ақпарат.

Әлемдік деңгейдегі әріптестік

Қызылорда инвестиция игіліктерін жаңа деңгейге көтеруде

Тұңғыш Президент күні қарсаңында аймақта XI Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумы өтті. Форум «Қызылорда: тұрақты өрлеу, инвестициялық ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбын қамтыды. Оған шетелдік және отандық бизнес-қауымдастық өкілдері, инвестициялық компаниялардың басшылары және ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері арнайы келді. Олардың қатарында Кореяның «K2AT», Францияның «Total Eren», Болгарияның «HEC» компаниялары бар. Сондай-ақ, форум жұмысына Иран, Франция, Германия, Македония, Нидерланд Корольдігі, Корея, Канада, Словения, Қытай, Ресей сияқты алыс - жақын 10 мемлекеттен инвесторлар қатысты.

Пленарлық отырысты облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов ашып, форум қатысушыларын Тұңғыш Президент күнімен құттықтады.

– Бұл біздің 11 инвестициялық форумымыз. Алғаш рет «Baikonyr Invest» форумын 2013 жылы өткіздік. Алдыңғы 10 форумның нәтижесі бойынша 130-дан астам меморандумға қол қойылды. Облыс экономикасына 1 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Аймақта биылғы жылдың 10 айында атқарылған жұмыстардың негізгілерін атап өткім келеді. Қызылорда облысының ең маңызды артықшылықтарының бірі – тиімді логистикалық жағдайға ие екендігі. Бүкіл облыс арқылы су артериясы (Сырдария өзені), оның бойымен темір жол және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық магистралінің 800 шақырымнан астам ең үлкен учаскесі, "Бейнеу-Бозой-Шымкент" газ құбыры да өтеді. Сонымен бірге Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аймақ экономикасының дамуына тың серпін беруде. Соның негізінде облыста 24 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде елді мекендерді газдандыруға мүмкіндіктер туды. «Қараөзек» қуатты газ-компрессорлық станциясы салынып, ел ордасы Нұр-Сұлтан қаласына газ жеткізуге жол ашылды, – деді облыс әкімі.

Бүгінде Шиеліде тампонажды цемент зауыты жұмыс істеп тұр. Онда цементтің 6 түрі өндіріледі. Соңғы он айда 300 мың тонна өнім алынып, алды Өзбекстанға экспортталуда. Бұдан бөлек, өңірде жоғары сапалы кварц құмының негізінде жүзеге асатын елдегі алғашқы шыны зауытының құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, алдағы жылы Аралда кальцийлендірілген сода зауытын салу басталады.

– Бүгінгі күні «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру үшін мемлекеттік органдармен бірлесіп тұжырымдама мен келісім жобасы жүзеге асуда. Оның басты мақсаты – «Байқоңыр» халықаралық ғарыш айлағын құру, инновациялық, жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халықаралық туризмді дамыту. Еркін экономикалық аймақтың құрылуы ғарыш саласының дамуына соны серпін беріп қана қоймай, жоғары технологиялар саласындағы аймақтық хабқа айналады деген сенім бар, – деді аймақ басшысы.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Жиын барысында ҚР Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар бойынша елшісі Болат Сәрсенбаев министрліктің халықаралық экономикалық ынтымақтастық пен инвестициялық дамуындағы рөлін сөз етті. Оның айтуынша, министрлікте инвестициялар тартумен айналысатын арнайы инвестициялық комитет және "НК Kazakh Invest" АҚ жұмыс істейді. Сонымен бірге ҚР Президенті жанындағы шетелдік инвесторлар кеңесі мен проблемалық мәселелерді жедел шешудің тиімді қаржы құралдарының бірі – Инвестициялық омбудсмен институты өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып келеді.

Ал, Иран Ислам республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Сабер Маджид Самадзаде Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап екі мемлекет достыққа, өзара түсініскенге және бір-біріне деген құрметке негізделген дипломатиялық қатынастарды сақтап келгенін атап өтті. Нәтижелі дипломатиялық қатынастар тақырыбын Нидерланды Корольдігінің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Андре Карстенс жалғастырды. Ол сауда-экономикалық ынтымақтастық екіжақты қатынастардың өзегі екенін баса айтты.

Нидерланд – негізінен мұнай-газ саласындағы ірі компаниялардың арқасында Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвестордың бірі. Мәселен, 2018 жылы бұл елдің Қазақстанға салған инвестициясы 7,3 млрд долларды құрады. Елші алдағы уақытта Қызылордада жылыжай кешені салынатынын жеткізді. Инвестиция көлемі шамамен 34 млн еуроны құрайды. Сонымен бірге нидерландықтар Қазақстанға ғарыштық мониторинг жүргізу үшін «NEVASKO» компаниялар тобымен жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесіне қатысты ұсынысын ортаға салды. Бұл ретте Андре Карстенс жобаны жүзеге асыру үшін өңірдің серіктес табатынына сенім білдірді.

Корея Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Ким Дэ Сик болса, форумға шақырту алғанына ризашылығын білдіріп, бүгінгі әріптестік екі ел арасындағы байланысты нығайта түсетінін жеткізді.

Сондай-ақ, шарада ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетов, "НК Kazakh Invest" АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі Марат Есенов, «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы Талғат Матаев, "Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" АҚ басшысы Рамазан Жанпейісов те өз ойларын ортаға салды.

2-бет.

БӘРЕКЕЛДІ!

Кешегі төрткүл дүние көз тіккен «Әлем барысында» ел қоржынына екі медаль түсті. Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өткен байрақты бәсекеде төрт дүркін Әлем, екі дүркін Қазақстан барысы шығысқазақстандық Айбек Нұғымаров екінші орынды еншіледі. Ал жерлесіміз Мақсат Исағабылов үздік үштікті түйіндеп, қола медальға қол жеткізді.

Дәулет ҚЫРДАН.

Қола медальға қол жетті

Жерлесіміз Мақсат жартылай финалда Айбек Нұғымаровқа есе жіберген. Ал өзбек палуаны Мухсин Хисамиддинов пен Ресей палуаны Роман Бобиков арасындағы жекпе-жекте ресейліктің бағы жанды. Осылайша ақтық сында А.Нұғымаров пен Р.Бобиков белдесетін болды. Ал Мақсат Исағабылов пен өзбекстандық М.Хисамиддинов үшінші орын үшін айқасты.

Осылайша өзбекстандықпен белдесуде жерлесіміз Мақсат Исағабылов жеңіске жетіп, «Әлем барысының» қола жүлдесіне ие болды. Ал Мухсин Хисамиддинов «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясын алды. Роман Бобиков «Әлем барысы» атанса, отандасымыз Айбек Нұғымаров доданың күміс жүлдесін иеленді.

– Әлемдік додада екі отандастың шығып қалғаны қиындау болады. Әйткенмен, Айбек ағамызбен белдесу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Бұл чемпионаттың әрбір қатысушысы – өз елдерінің чемпиондары. Сондықтан алдағы уақытта Айбек ағамның жолын берсін, – деді Мақсат бізбен әңгімесінде.

«Әлем барысы» чемпионатының биылғы жүлде қоры – 20 миллион теңге. Жеңімпаз палуан 10 млн теңге мен алтын белбеуді иеленді. Екінші орынға 6 млн теңге, үшінші орынға 3 млн теңге табысталды. Ал жартылай финалда қола медаль үшін күресте есе жіберген спортшы «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясымен марапатталып, 1 млн теңгеге қол жеткізді. Жылдағыдай дәстүрмен жанкүйерлер арасында автокөлік ойнатылғанын да айта кету керек.

«Orda School» жаңа ғимаратта

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні облыс орталығында 700 орындық «Orda School» жеке бастауыш мектебінің жаңа ғимараты ашылды. Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан нысандағы салтанатты шараға облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары және ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Тәуелсіздік алған уақыттан бері Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қамқорлығымен білім саласына ұдайы көңіл бөлініп келеді. «Келешектің кілті – білімді ұрпақтың қолында» деген қағидат берік қалыптасты. Міне, соның дәлелі – бүгін тағы бір жаңа мектептің құрылысын аяқтап, пайдалануға бердік. Биылғы тамыз айында Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық тамыз конференциясында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласындағы бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, оларды кезең-кезеңімен шешуді тапсырды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы алғашқы Жолдауында педагогтардың мәртебесін көтеру, білім сапасын арттыру, еңбек нарығына сапалы мамандар даярлау, ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту мәселелерімен бірге бала тәрбиесіне қатысты нақты басымдықтарды айқындап берді, – деді шарада облыс әкімі.

Сонымен қатар, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов Сенат төрағасы Дариға Назарбаеваның құттықтауын табыс етсе, Шолпан Каринова ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов пен ҚР Премьер-министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың құттықтауын жеткізді. Ал мектеп бүлдіршіндері өз өнерлерін ортаға салып, музыкалық аспапта ойнады.

– Біздің мектепте сурет, дзюдо, робототехника, шахмат тәрізді үйірмелер жұмыс істейді. Осындай

Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

зәулім мектепте оқып, білім алып жатқанымға қуаныштымын. Болашақта тәуелсіз елімнің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатар азамат болғым келеді, – дейді 4-сынып оқушысы Бақтияр Яхия.

Осыдан екі жыл бұрын ашылған білім ошағы осылай жаңару үстінде. Әдепкіде 180 бала білім алса, қазір бұл мектепте 320-дан астам шәкірт тәрбиеленуде. Оларға 40-тан астам мұғалім дәріс береді.

Айта кету керек, өңірде балабақшалардың 72 проценті жеке сектордың үлесінде. Бұл – мемлекет пен жеке меншік арасындағы әріптестіктің қарқынды дамығанының көрінісі. Аймақта бұл күнде 4 жеке мектеп жұмыс істейді. Оларда 817 бала тәрбиеленуде.

№183 (19861) 4 желтоқсан, сәрсенбі 2019 жыл

Әлемдік деңгейдегі әріптестік

Қызылорда инвестиция игіліктерін жаңа деңгейге көтеруде

Форум аясында жалпы құны 100 млрд теңгеге жуық жобаларды жүзеге асыру үшін 25 меморандум, 1 келісім-шартқа қол қойылды. Олардың қатарында өнеркәсіп саласында 14, агроөнеркәсіптік секторда 9, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағыты бойынша 3 жобаны жүзеге асыру туралы меморандум бар.

Мұнан әрі басқосу «Ауыл шаруашылығында фермерлікті және мал шаруашылығы кластерін дамыту мүмкіндіктері» тақырыбындағы секциялық жиынға ұласты. Ауылшаруашылық саласын дамытудың мүмкіндіктерін жан-жақты талқылаған шараны Қазақстан инвестициялық ынтымақтастық агенттігінің бас директоры Айдын Байеділов жүргізді.

Қазір елімізде өсірілетін күріштің 90 процентін Қызылорда облысы өндіреді. Биылдың өзінде әр гектардан орта есеппен 60,3 центнерден өнім алынды. Бұл – күріш сорттарының өнімділігін арттыру арқылы қол жеткен жетістік. Соңғы жылдары мемлекеттік қолдаулардың арқасында мал шаруашылығында да оң даму тенденциясы қалыптасып, агроөнеркәсіп кешені инвесторлар үшін тартымды салаға айналып келеді.

Өткен жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара 6,8%-ке, қой мен ешкінің басы 9,7%-ке, жылқы 13%-ке, түйе 6,9%-ке көбейіп отыр.

– Жыл басынан бері облыс бойынша барлығы 29,2 мың тонна ет (тірі салмақта), 71,3 мың тонна сүт және 7,2 мың дана жұмыртқа өндіріліп, былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет – 3,3%-ке, сүт – 1,8%-ке, жұмыртқа 5%-ке артты.

Осы жылдың мамыр айында Қызылорда қаласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, жылына 5 мың тонна етті терең өңдеп вакуумдық қаптамамен өткізетін ет комбинаты құрылысының іргетасы қаланды. Келешекте бұл базадан етсүйек ұнын, балық жемін шығару және тері өңдейтін цехтар ашу жоспарлануда. Ал қолданысқа берілгенше, облыс қой, бұқашық және түйе малын тірілей түрде шет мемлекеттерге экспорттауда. Биылдың өзінде Өзбекстан мемлекетіне 118 бас түйе, 250 бас мүйізді ірі қара малын, Иран Республикасына 56 бас бордақыланған бұқашық және 789 бас қозы экспортқа жөнелтілді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбараков.

Жиында Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлім басшысы Серік Кенжебаев аймақтағы сиыр етін өндіру технологиялары туралы баяндады. «Kazakh Export» АҚ бас менеджері Арыстанбек Ысқақов акционерлік қоғам тарапынан көрсетілетін қолдау жайын сөз етсе, Қытай халықаралық сауда палатасының Қазақстандағы өкілі Гао Ци «Қазақстан-Қытай» агроөнеркәсіптік кешенінің әлеуетін әрі қарай дамытуы турасында ойын білдірді. Сондай-ақ, форумда «QazIndustry» АҚ-ның бас сарапшысы Рауан Мыңбаев мемлекеттік ынталандыру шараларын, Орта Азиялық инновациялық бюроның тұрақты дамуы бойынша өкілі Лиебельт Петер «CLIENT II бағдарламасы: Тұрақты инновациялық мүддедегі халықаралық әріптестік» тақырыбында ой өрбітті. Мұнан бөлек, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-Технологиялық университетінің зоотехникалық лабораторияның меңгерушісі Еркінғали Батырғалиев мал шаруашылығының инновациялық технологиясын, Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы институтының ғылыми хатшысы Бақытжан Әжібеков жайылымдарды ұтымды пайдалану жолдары турасында баяндады.

Жиын соңында баяндамашылар қатысушылар тарапынан болған сұрақтарға жауап берді.

Айта кету керек, жыл сайын 300-ден астам шетелдік және отандық бизнес-көшбасшыларының, инвестициялық компания басшыларының, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері мен экономиканың түрлі салаларындағы сарапшылардың басын қосатын «Baikonyr Invest» форумы бүгінде мазмұнды пікірталас алаңына айналып үлгерді.

МЖӘ – мүмкіндік көзі

XI «Baikonyr Invest» халықаралық инвестициялық форумының бір секциясының жұмысы жаңа жағдайлардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту мәселелеріне арналды. Сол жағалаудағы Жастарға қызмет көрсету орталығында өткен шарада «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы Талғат Матаев модератор болды.

Облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов өз сөзінде инфрақұрылымды тек қана мемлекет қаржысымен дамыту мүмкін емес екенін атап өтті. Сондықтан бүгінгі таңда инфрақұрылымды дамыту үшін бюджеттен тыс қаржыны тартудың ең тиімді механизмі – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік. Бұл механизмді жетілдіре түсу аса маңызға ие.

– Қазақстандық және өңірлік мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту орталықтарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізу нәтижесінде бүгінгі күні 142 жобаны жүзеге асыра бастауға мүмкіндік туып отыр. Жобалар негізінен білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, ТКШ, энергетика салаларын қамтиды, – деді бұл жөнінде Б.Жаханов. – Облыста аталған жобалар аясында тартылған инвестиция көлемі 59 млрд теңгені құрады. Бұл жобаларды тек қана мемлекеттік бюджет қаржысымен іске асыру мүмкін емес еді. МЖӘ-нің тиімді тәсілдері бір мезгілде бюджеттен тыс қаржыны тартып қана қоймай, сонымен бірге тұрғындарға қатысты мәселелерді де шешеді.

Осы орайда Т.Матаев мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары жыл өткен сайын қарқын ала түсіп, жеке сектор ынтымақтастықтың мұндай механизмін жақсы түсіне бастағанын атап өтті. МЖӘ жобалары 2015 жылы тиісті заңнамалар қабылданғаннан кейін бастау алды. Одан кейінгі екі жылда белсенділік байқалды деуге болады. Сондай-ақ жыл сайын заң жетілдіріліп, өзгертулер енгізіліп келеді. Қазіргі күні әріптестіктің жаңа механизмдерін енгізу мақсатында заң жобалары бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Мұндай жобаларды жүзеге асыру бойынша Қызылорда облысы көшбасшылар қатарынан орын алған. Салаларды қамту жағы да жоғары деңгейде.

Секция жұмысында аймақтағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту жөнінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбаева айтып өтті. Оның пікірінше, бұл механизмді басқа құқықтық алаңда қарастырған жөн, яғни жобалар ESG қағидаттарына – экологиялық, әлеуметтік және басқару талаптарына сай келуі тиіс.

Қазірдің өзінде МЖӘ мемлекет жауапкершілігіндегі салалардағы мәселелерді шешудегі тиімді құралдың біріне айналғанын сеніммен айтуға болады. Ол барынша сапалы қызмет көрсетуге ықпал етеді. Өңірдегі МЖӘ жобаларының 39-ы денсаулық сақтау, 36-сы білім беру, 26-сы спорт, 19-ы энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, 8-і мәдениет салалары бойынша жүзеге асырылуда.

Мәселен, спорттық жобалар денешынықтыру-сауықтыру кешендерін құруға бағытталған. Олар аудандарды да қамтиды. Біріншіден, бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін өте маңызды. Ауыл жастары спортта үлкен жетістіктерге жетуде.

– Жобалар, сондай-ақ, инновациялық сипатқа ие болуы тиіс, яғни цифрландырылған және модернизацияланған деңгейде жүзеге асқаны дұрыс. Мысалы, энергетика және ТКШ салаларында жақсы жобалар жүзеге асырылуда. «Жасыл экономика» аясында қатты тұрмыстық қалдықтар зауыты жобасы бар. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында мүгедектерге және белгілі бір науқасы бар балаларға күтім жасау жөніндегі жобалар қарастырылған, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Алдағы уақытта сол жағалауда 300 төсек-орны және 100 келушіге арналған емханасы бар аурухана құрылысын жүргізу, аудандарда



көшелерді модернизациялау және жарықтандыру бойынша жобалар іске асырылады. Қазалы ауданында жазғы балалар лагерін салу жоспарлануда. Сонымен бірге Қызылорда әуежайы терминалын салу жоспарда бар. Мұндай жобалар тыңғылықты зерттеліп, мемлекетке салмақ салмайтындай етіп әзірленуі тиіс. Жаңа терминалдың өткізу мүмкіндігі сағатына 300 жолаушыны құрайды, ұшу-қону алаңының ұзындығы – 2,7 мың метр, ені 45 метр болады деп жоспарлануда.

Спикер сонымен қатар, облыс орталығында қосымша бюджет қаржысын талап етпейтін студенттік жатақхана құрылысын жүргізу бойынша екі жоба жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Тағы төрт ауданда жатақханаға сұраныс бар.

Секция жұмысы барысында МЖӘ жобаларын жүзеге асырудың жаңа жағдайлары туралы «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айдос Көбетов айтып берді. Мемлекеттік бюджет қарызы салмағын азайту үшін өткен жылы республика бойынша жүзеге асырылып жатқан және жоспарланған барлық жоба сараптаудан өткізілген. Олар шығынды жабу жолдары бойынша үш категорияға бөлінеді. Біріншісі – жекеменшік әріптестің жұмсалған шығыны мен салынған қаржысын мемлекеттік бюджеттен толық қайтару. Екіншісі – жұмсалған шығынның белгілі бір бөлігін ғана бюджет есебінен қайтару. Соңғысында мемлекет қаржысы берілмейді, шығыны нарық қатынастары есебінен жабылады.

Білім саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы сөз қозғаған спикер мектептерде ыстық тамақпен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыс барлық аймақтарды қамтып отырмағанын атап өтті. Орталық 2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, бұл бағытта зерттеу жүргізген. Нәтижесінде сол уақытта мектептердің 85 проценті ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қажетті қондырғылармен қамтылмағаны немесе жартылай қамтылғаны анықталды. Қондырғылардың қымбат болуы және МЖӘ келісімдерінің қысқа мерзімге жасалуы салынған инвестицияны қайтаруға мүмкіндік бермеген. Соған байланысты келісімдерге өзгерту енгізіп, орташа ұзақтықта немесе ұзақ мерзімге жасау жөнінде ұсыныс берілді. Соның нәтижесінде Ақмола (17 мектеп) және Шығыс Қазақстан облысында (30 мектеп) жобалар сәтті жүзеге асырылған. Атырау (30 мектепте жобаны жүзеге асыру жоспарланған) және Қызылорда облыстарында (бірінші кезекте 28 мектепте жобаны жүзеге асыру қажет) бұл бағытта белсенді түрде жұмыс жүргізілуде.

Білім саласында жобалар топтамасын іске асыру туралы да ұсыныс болған. Мәселен, Jas PPP бағытында жеке және мемлекеттік мектептер салу арқылы үш ауысымды оқу мәселесін шешуге болады. Сондай-ақ, тек қалада емес, елді мекендерде де балаларды мектепке тасымалдаудың қажеттілігі байқалады. Үшінші бағыт – арнаулы мамандандырылған лицейлерді, колледждерді қажетті техникалар және сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз ету. Бұл мәселе Қазақстанның барлық аймақтары үшін өзекті.

Форумда сол секілді «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның басқарушы директоры Бақытжан Омаров, ресейлік «Газпромбанк» АҚ-ның Қазақстандағы өкілдігі басшысы Асқар Аспандияров МЖӘ жобаларын қаржыландыру жайын сөз етті.

Б.Омаров «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның несиелендірумен барлық облыста жұмыс жүргізетінін жеткізді. Мәселен, 2019 жылдың үшінші тоқсанында қаржыландыруға жалпы несиенің көлемі жылына 350 млрд теңгені құрайтын 9 өтініш түскен.

– Банктің жалпы несие портфелі бүгінде шамамен 1,5 триллион теңгені құрайды. Қызылорда облысының үлесі 2 процент төңірегінде. Бұл жақта үш жоба жүзеге асырылуда. «Ақшабұлақ» кенішіндегі газтурбиналық станция, бес елді мекенді газдандыру және шыны зауыты, – деп спикер анықтама беріп өтті. – Бұдан басқа банк екі жоба бойынша жұмыс жүргізуде. Олар – «Шалқия» кен орнында полиметалл рудаларын өндіру мен кен байыту зауытын салу, сондай-ақ «Байқоңыр» ғарыш айлағында ұшу алаңын қалпына келтіру және пайдалану жобалары.

Мемлекеттік-жекеменшік жобаларын жүзеге асыру «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның негізгі қаржыландыру бағытына айналғанына көп бола қойған жоқ. Оларды несиелендірудің ең төменгі мөлшері 3 млрд теңге көлемінде бекітілген. Банктің сараптау жұмыстарына 72 жұмыс күні беріледі және олар несие бойынша сыйақы ставкасын анықтайды.

А.Аспандияровтың айтуынша, «Газпромбанк» АҚ ірі МЖӘ жобалары бойынша жұмыс істейді. Құны 2-3 млрд рубльден басталып, 120 млрд рубльдік жобаларға дейін қаржыландырылады.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның аймақтық филиал директоры Ерлан Түктібаев МЖӘ механизмдерін пайдалану негізінде несиелердің проценттік үстемелерін субсидиялап, кәсіпкерлікке қолдау жасалып отырғанын жеткізсе, «LED solution» ЖШС басқарушы директоры Ербол Шаймаханов «Жарықтандыруда энергетикалық тиімді технологияны пайдалану арқылы МЖӘ-ні дамыту перспективалары» жайлы сөз қозғады.

Форум жұмысында Қызылорда қаласында 400 орындық студенттік жатақхана құрылысы және пайдалану бойынша келісім-шартқа, Қызылорда қаласы «Сәулет» шағын ауданында спорт кешенін жалға алу, Жаңақорған ауданында керамзиттен құрылыс материалдары – кірпіш пен блоктар өндірісі бойынша ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Бұл ауданда әк зауытына теміржол тұйығы салынатын болады. Сонымен қатар, Шиелі ауданында әк өндіретін зауыт құрылысын жүзеге асыру бойынша да меморандум жасалды.

Байқоңырдың болашағы

Инвестициялық форум аясында «Байқоңыр» ЕЭА – жобаларды іске асырудың перспективалық алаңы» атты секция жұмысы өтіп, «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру бағытындағы жұмыстар таныстырылды.

Жиын модераторы, «Талап» қолданбалы зерттеу орталығының директоры Рақым Ошақбаев өткен жылы Петропавлда Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің қатысуымен өткен XV Қазақстан-Ресей аймақаралық ынтымақтастығы форумында «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру мәселесі талқыланғанын атап өтті.

Секцияда облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосов әлемдік бренд ретінде танымал «Байқоңыр» ғарыш айлағы қазақстандық, ресейлік, халықаралық ғарыштық бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететінін жеткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облысқа сапары барысында Байқоңыр қаласын дамыту және «Байқоңыр» ЕЭА-ны құрудың тиімді тетіктерін анықтау қажеттігін атап өткен болатын. Сондай-ақ, бірегей әрі ауқымды ғарыш айлағы әлемдік компаниялармен, перспективалы технологиялық стартаптармен жұмыс істеуге үлкен мүмкіндік беретінін айтқан еді. Бүгінде шетелдік және отандық инвесторларды тарту мақсатында «Байқоңыр» ЕЭА-ны құру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда.

– «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құрудағы негізгі мақсаттың бірі – «Байқоңыр» халықаралық ғарыш портын қалыптастыру. Сондай-ақ, машина жасау, ғарыш индустриясы, электроника, химия және жеңіл өнеркәсіп, тағы басқаларын қоса алғанда, инновацияға сай, жоғары технологиялы, бәсекеге қабілетті өнімдердің өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыру, «Байқоңыр» кешеніндегі халықаралық туризмді дамыту жоспарланған, – деді Мұрат Самұратұлы.

Жиында «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ирина Ким «Байқоңыр» ЕЭА-ны іске асыру мерзімі 25 жылға есептелгенін, оған үш мың гектардан астам аумақ қарастырылатынын жеткізді. Алғашқы бағыт бойынша «Байқоңыр» халықаралық ғарыш портын құру және Қазақстан, Ресей тарапымен бірлескен жобалар жүзеге аспақ. Айталық, екі ел бірлесіп «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру жобасын, ал Қазақстан, Ресей және Біріккен Араб Әмірліктері «Гагариндік старт» №1 модернизациялық алаңын іске асырады. Сондай-ақ, биылдан бастап 2030 жылға дейін «Байқоңыр» халықаралық ғарыш портының экожүйесін қалыптастыру қолға алынған.

Ал, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айберген Русланұлы ғарыш айлағын дамыту перспективалары, «Бәйтерек» БК» АҚ жобалық кеңсесінің директоры Сырым Ынтымақов «Назарбаев старты» ғарыштық зымыран кешенін құру жобасы туралы сөз қозғады. «Назарбаев старты» ғарыштық зымыран кешенінде коммерциялық бағыттағы ғарыштық бағдарламалар мен жобалар жүзеге асып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық ғарыштық бағдарламалары орындалмақ.

Мұнан өзге секция барысында «Жоба» ЖШС директоры Станислав Пягай «Байқоңыр» ЕЭА аумағында «Байқоңыр» туристік ойын-сауық аймағын қалыптастыру, дамыту бағытында жасалатын жұмыстар туралы хабарлама жасады. Айта кету керек, «Байқоңыр» ЕЭА құру тұжырымдамасы аясында туристік ойын-сауық аймағын құру жоспарланған. Онда әлемдік стандартқа сай қонақ үйлер, 8 залдан тұратын кинотеатр, аттракцион, ауқымды шаралар өткізуге арналған концерт залы, зымырандардың ұшу сәтін тамашалауға арналған алаң, аквапарк, этноауыл, шығыс моншасы, ұлттық асхана орналаспақ.

Туризм түлей түспек

Бұған дейін «Baikonur invest» инвестициялық форумы өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жарқын жобалардың жүзеге асуына негіз болды. Кезекті форумда да әлемнің түкпір-түкпірінен келген бизнес қауымдастықтары мен қаржы институттарының өкілдері аймақ тарихымен танысты.

Делегаттар алдымен түркі дүниесі тәуе етер «Қорқыт ата» мемориалын тамашалады. Туристік кешенде біз Қазақстандағы Нидерланд Королдігінің елшісі Андре Карстенспен тілдесіп, әсерімен бөлісуді сұраған едік. Ол Нидерланд мемлекеті – Қазақстанның Еуропадағы негізгі серіктестерінің бірі екенін айта келе, екіжақты қатынастарды дамыту бағытында оң нәтижелерге қол жеткізілгенін, халықаралық мәселелер бойынша ұстаным ортақ екенін айтты. Сонымен қатар ұйымдастырушыларға осындай маңызды форумды қолға алғанына және Сырдың киелі жерлеріне саяхаттауға мүмкіндік сыйлағанына ризашылығын білдірді.

– Қызылордаға келудегі мақсатым – аймақтың экономикалық әлеуетімен танысып, іскерлік әріптестікті күшейту болды. Барлығы көңілімнен шықты. Форум маған және менің әріптестеріме ерекше ұнады. Жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылығы, облыс әкімдігінің аймақ экономикасын дамыту бағытындағы шаралары кәсіпкерліктің кең өрістеуіне жол ашатынын байқатады. Диалогтық алаң құру және өзара тәжірибе алмасу салааралық, мемлекетаралық және халықаралық экономикалық байланысты бекітіп ғана қоймай, қатысушыларға коммерциялық тұрғыда пайда әкеледі. Сіздерге туристік әлеуетті дамытуға, мыңдаған саяхатшының қызығушылығын тудыруға да пайдасы зор, – деді Андре Карстенс.

Меймандар әлемдегі ең ірі ғарыш айлағы – «Байқоңыр» кешенінде болып, жұлдызды қаланың тынысымен танысты. Мұражайды аралап, атақты конструктор Сергей Королев, Юрий Гагарин бастаған ержүрек ғарышкерлер туралы қызықты мәліметтерге қанықты. Аңызға айналған айлақтан алғаш зымыранның ұшқанына да 60 жылдан асты. Сол уақытта жеті қат көкті еңсерген ең озық технологиялық жетістіктер бүгінде мұражай сөрелеріндегі жәдігерлер қатарын толықтырып тұр. Мәселен, 1992 жылы ең алғаш ғарышта болған Қазақстанның мемлекеттік туы да музейде сақтаулы. Мұның барлығы шеттен келген меймандарды таңғалдырмай қоймады.

– Ресей мен қазақ елі арасындағы тарихи байланыс сонау ерте заманнан бері жалғасып келеді. Екі ел арасындағы ынтымақтастық «Байқоңыр» кешенін дамытуға да серпін берген. Ол туризмді одан әрі дамытуға жол ашады. Себебі, осы мұражайды, ғарыш кемесінің көк төсіне самғаған сәтін миллиондаған адам қызықтағысы келеді. Туристік компания мамандары «Спутник», «Байқоңыр» деген жалғыз ауыз сөздің өзі-ақ әлемдегі туристер ағымының оннан бірін Байқоңырға тарта алатынын айтып жүр. Осыған қарап, Қызылорда – ғарыш саласының символы деуге болады, – деді Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Сабер Маджид Самадзаде.

Осыдан соң біз де «Орайын тауып, шетелдіктердің бұл қызығушылығын олжаға айналдырсақ, ұтылмасымыз анық» деген ойда қалдық. Өйткені, казірдің өзінде халықаралық транзиттік дәліз бойындағы ғарыш айлағына мыңнан астам турист келеді. Мамандардың айтуынша, жыл сайын бұл көрсеткішті 10 процентке өсіруге мүмкіндік бар. Демек, аймақ туризмінің болашағы зор екенін бағамдауға болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.
«Сыр бойы».

1-бет.

Қолжетімді баспананы қалай алуға болады?



Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда 141 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. Мемлекет елімізде тұрғын үй құрылысын дамытудың бірыңғай моделін әзірлеуде. Оның негізгі қағидаты — тұрғын үйдің қолжетімділігін, әсіресе, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары үшін арттыру.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берген ипотекалық несиелендірудің жаңа бағдарламаларын енгізуге бастамашы болды.

Мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы тұрғын үй құрылысын қолдаудың жаңа тетіктерін біріктіреді. 2018 жылы «7-20-25» бағдарламасы іске қосылды. 5 жыл ішінде ол 650 мың отбасыға немесе 2 млннан астам азаматқа баспаналы болуға жәрдемін тигізуі тиіс. 2019 жылы Елбасы бастамасымен жеңілдік мөлшерлемесі 2% және бастапқы жарнасы 10% болатын «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылды.

Жыл соңына дейін бағдарлама аясында кемінде 6 мың отбасы тұрғын үй ала алады. Бірінші кезекте көпбалалы және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға басымдық беріледі. 2020 жылдан бастап осындай 10 мың отбасы жыл сайын баспанамен қамтылады.

> **«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде отбасы табысының түрлі деңгейіне сәйкес келетін бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеуді тапсырды. Кезекте тұрған әлеуметтік жағынан аз қамтылған көпбалалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу қажет. Ал баспана сатып алуға жағдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру керек.**

Осыған орай, мемлекет 2022 жылға қарай 240 млрд теңгеден астам қаражат бөледі. Үкімет жыл соңына дейін жалдамалы пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген баспана заемын алуға кезекте тұрған азаматтарды есепке алудың ұлттық бірыңғай жүйесін құруы тиіс. Тұрғын үй кезегі жыл сайын 50 мың адамға артып келеді. Ал 20 мың адамға әлеуметтік тұрғын үйлер пайдалануға берілуде.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша азаматтарды олардың мүмкіндіктері мен статустарына қарай тұрғын үймен қамтудың үдемелі жүйесін енгізу қарастырылады. Мысалы, сатып алу құқығынсыз берілетін тұрғын үй табысы жоқ немесе табысы отбасының бір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз (29,7 мың теңге) болатын кезекте тұрғандарға беріледі.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселік шамасынан артық болмайтын (59,4 мың теңге) тұрғын үй кезегіндегілер үшін қолжетімді. Жергілікті атқарушы органдардың несиеге берілетін тұрғын үйлері табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселік шамасынан 3,1 еселік шамасына дейін (92 мың теңге) жететін кезекте тұрғандарға беріледі. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселік шамасынан табысы жоғары азаматтар «ҚИК» ИҰ» АҚ-ның «Орда», «Баспана Хит», «7-20-25» бағдарламаларының, «ТҰҚЖБ» АҚ-ның «Өз үйім» бағдарламасының тектіктерін пайдалана алады.

Бұл тәсілдер мемлекеттік қолдаудың атаулығын қамтамасыз етеді және тұрғын үй құрылысын жоспарлау тиімділігін арттырады.

7 жылда қалалар мен өңірлер әкімдіктеріндегі тұрғын үй алу кезегі 3,5 есе өскен

Тұрғындардың басым бөлігі үшін қолжетімді тұрғын үй салу бойынша ауқымды шаралар қабылдауда «Бәйтерек» холдингі жүйелі рөл атқарады. Себебі ол – «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асырудағы бірыңғай оператор. Мысалы, әкімдіктер өз облигацияларын шығару тетігі арқылы алатын қорландыру есебінен белгіленген баға бойынша несиеге берілетін тұрғын үй құрылысы мен оның өткізілуін қамтамасыз етеді.

Бұл тетік әр 2 жыл сайын «револьверлік» принцип бойынша қаражатты айналдырып, ресурстарды қосымша бөлмейақ жаңа құрылысқа қайта бағыттауға мүмкіндік береді. Жыл сайын осы жүйеде 100-110 млрд теңге қаражат айналысқа түседі. Бұл әкімдіктер үшін несиеге берілетін 12 мың тұрғын үйді пайдалануға беруді қамтамасыз етуге жол ашады. Өз кезегінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі тұрғындарға жылдығы 5% болатын жеңілдікті тұрғын үй заемдарын беру арқылы әкімдіктер салған тұрғын үйлерге сұраныс пен олардың өткізілуін ынталандырады. Бастапқы жарна тұрғын үй сертификаттарын пайдалану мүмкіндігімен 20%-тен кем болмайды.

Бүгінгі таңда аталған банк жүйесінде жинақтау сомасы 716,7 млрд теңгені құрайтын 1,46 млн келісімшарт бар. Барлық кезеңде 1,52 трлн теңгеге 208 мыңнан астам заем берілді. Оның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру кезеңінде 139 млрд теңгеге 18,3 мың заем табысталды. 2005 жылдан бастап тұрғын үймен қамтылу деңгейі 23%-ке артып, 1 адамға шаққанда 21,6 шаршы метрді құрады. Елбасы тапсырмасы бойынша 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті БҰҰ стандарттарына – 1 адамға шаққанда 30 шаршы метрге жеткізу қажет. Орта есеппен тұрғындар санының өзгеруін ескере отырып, қазіргі мәнімен салыстырғанда 2030 жылға қарай тұрғын үй қорын 66%-ке арттыру керек. Ол үшін жыл сайын жаңа тұрғын үйлер

№183 (19861) 4 желтоқсан, сәрсенбі 2019 жыл

Қолжетімді баспананы қалай алуға болады?

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы тапсырмасымен 2018 жылы ҚР Ұлттық Банкі осы бағдарламаны әзірледі. Ол бастапқы нарықтан 25 жыл мерзімге, тұрғын үй құнының 20% көлеміндегі бастапқы жарнасымен, жылдық 7% мөлшерлемесімен тұрғын үй сатып алуға арналған. Қолжетімді несие шарттарымен әрбір қазақстандық үшін тұрғын үй жағдайын жақсартудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Қарыз алушыдан заемды ұсынғаны және қызмет көрсетілгені үшін комиссия алынбайды. Сондай-ақ, кепіл мүлкін және қарыз алушының өмірін сақтандыру міндетті емес. Сақтандыру қажет болған жағдайда барлық шығынды несие берген банк көтереді.

Бұған дейін әрекет етіп тұрған ипотекалық өнімдердің бірде-бірінде осындай несиелеу шарттары болған жоқ. Бағдарлама бойынша несие алу үшін жеке тұлға бірнеше талапқа сай болуы керек. Олар:

- Қазақстан азаматтығы;
- меншік құқығында ҚР аумағында тұрғын үйінің болмауы;
- кәсіпкерлік немесе еңбек қызметінен тұрақты расталған кірістің болуы;
- ипотекалық несиелерінің болмауы.

Жалпы, бағдарлама іске асырыла бастаған күннен осы жылдың 24 қазанына дейін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша екінші деңгейлі банктерге тұрғын үй сатып алғысы келетін азаматтардан 81,9 млрд теңге сомасына 5 980 өтінім қабылданды. Оның ішінде 52,3 млрд теңге сомасындағы 3 790 өтінімді несие беруші банктер мақұлдады. Бұл – Қазақстанның барлық өңірі арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында жұмыс істейтін, арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын, полиция департаментінде жұмыс істейтін білікті мамандар корпусын қолдау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі баспана сатып алуға номиналы 1 млн теңге болатын тұрғын үй сертификаты түріндегі алғашқы жарнаның бір бөлігін жабады.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған қызмет салалары бойынша Нұр-Сұлтан қаласының бюджетінен 397 млн теңгеге 397 тұрғын үй сертификаты берілді.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша тұрғын үй алуға кім үміткер бола алады?

Қазақстанда төрт немесе одан да көп баласы бар 340 мыңға жуық көпбалалы отбасы тұрады. Оның ішінде 31 725 мың отбасы ресми түрде баспанаға мұқтаж отбасылар ретінде әкімдіктердің кезегінде тұр. 2019 жылдың шілдесінен бастап аталған санаттағы азаматтар үшін жылдық 2%-пен ипотекалық несиелендірудің «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бұл – әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген көпбалалы отбасыларға ұсынылған теңдессіз қолдау түрі. Бастапқы жарна — әкімдіктерден тұрғын үй сертификаттарын пайдалану мүмкіндігімен 10% түрінде басталады. Бағдарлама көпбалалы, толық емес, табысы төмен, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға несие беруге арналған.

Сонымен бірге, тұрғын үй құны Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау қалаларында 15 млн теңгеден аспауы керек, қалған өңірлерде 10 млн-ға дейін. 2019 жылға 50 млрд теңге беру жоспарымен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі 46,6 млрд теңгеге 4 589 өтінім қабылдады. Оның ішінде 29,3 млрд теңге болатын 2 875 заем берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылдан бастап 2023 жылға дейін жылдық беру жоспары кемінде 10 мың өтінімді немесе шамамен 100 млрд теңгені құрайды.

Несие беру шарттары: несие мөлшерлемесі – жылдық 2%; бастапқы жарна – алдын ала тұрғын үй заемын алу үшін – сатып алынатын тұрғын үй құнының кемінде 10%-і; аралық тұрғын үй заемын алу үшін – сатып алынатын тұрғын үй құнының кемінде 50%-і; заем мерзімі – 20 жылға дейін. Заемның нысаналы мақсаты – бастапқы (соның ішінде ЖАО несиелік тұрғын үйі) және екінші нарықтан тұрғын үй сатып алу; Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында тұрғын үй сатып алуға заемның максималды сомасы 15 млн, басқа өңірлерде 10 млн теңгеден аспайды. Кепілзаттық қамтамасыз ету – ҚТҚЖБ талаптарына сәйкес келетін мүлік немесе сатып алынатын тұрғын үй.

«Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі бастапқы нарықтан баспана сатып алу үшін номиналы 1 млн теңге болатын тұрғын үй сертификаты түріндегі алғашқы жарнаның бір бөлігін өтейді. Бағдарламаға қатысу үшін 2 365 жолдама (834 көпбалалы, 1143 толық емес, мүгедек балалары бар 388 отбасы) берілді. Оның ішінде 7,2 млрд теңге сомасына 521 несиелік заем берілді (198 көпбалалы, 239 толық емес, мүгедек балалары бар 84 отбасы) көрсетілген саннан алғашқы жарнаның бір бөлігін өтеу үшін 1 млн теңгеден 50 тұрғын үй сертификаты.

«Әскери баспана» бағдарламасының шарттары қандай?

«Әскери баспана» — жылдық 8%-пен жеңілдікті несиелендіру өнімін әзірледі. 2018 жылдың

қаңтарынан бастап заңнамаға әскери қызметшілер үшін өздері алатын тұрғын үй төлемі есебінен ТҰҚЖБ-да қаражат жинақтауға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді. Ол бойынша тұрғын үйді бастапқы және қайталама нарықтардан сатып алуға болады.

Бүгінгі таңда әскери қызметшілер жалпы түсімі 149,3 млрд теңге болатын 86,4 мың арнайы шот ашты. ТҰҚЖБ 99 млрд теңгеге 6,5 мың заем берді. Әлеуметтік маңызы бар мамандықтар бойынша да жекелеген бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. 2019 жылдың маусым айынан бастап мұғалімдер мен дәрігерлер үшін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй беру бағдарламасы іске қосылды. 2019-2020 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы көлемі 40 млрд теңгені құрайды. Бұл нарықта 3 мың пәтер алуға мүмкіндік береді. Жалға берілетін тұрғын үй жылдық 3,1%-пен бастапқы жарнасыз беріледі. Тұрғын үйді мерзімінен бұрын қандай да бір айыппұлсыз сатып алу құқығы қарастырылған. Қазіргі кезде денсаулық сақтау, білім және ғылым министрліктері, сондай-ақ, өңірлер бойынша да, тұрғын үймен қамтамасыз етілетін қызметкерлердің тізімдерін құрастыруда. Жұмыс істейтін жастар сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді қалай ала алады?

Жастар жылын іске асыру аясында Елбасы тапсырмасы бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасына Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында



жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыру тетіктері енгізілді.

Өтінім беруші сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алу үшін өкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

- осы ережеге қосымшаға сәйкес форма бойынша өтініш;
- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі (түпнұсқасы жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін ұсынылады);
- білім туралы құжаттың көшірмесі;
- неке туралы куәліктің көшірмесі (болған жағдайда);
- балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі (болған жағдайда);
- өтінім беруші мен отбасының барлық мүшелерінің жылжымайтын мүлкінің жоқтығы (бар екені) туралы анықтама;
- жұмыс орнынан анықтама;
- өтінім берушінің 40 айлық есептік көрсеткіштен кем емес көлемдегі ай сайынғы табысын растайтын соңғы алты айдағы табысы туралы анықтама;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-ші бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттар;
- банк есепшотының бар екені және нөмірі туралы анықтама және банк есепшоты бойынша ақша қалдығы мен оның аударылуы туралы көшірме;
- өтінім берушінің түрлі қызмет салаларындағы жеке жетістіктерін растайтын құжаттар (болған жағдайда).

Балл есептеу балдық жүйе бойынша жүргізіледі:

- нарықтағы аса сұранысқа ие 100 мамандық тізіміне сәйкес кәсіпті игерген өтінім берушіге – 10 балл;
- отбасылы болған жағдайда – 5 балл, некеде тұрған әр жылы үшін – 2 балл;
- бір баласы болғаны үшін – 1 балл, одан кейінгі әр баласы үшін – 2 балл;
- кемінде 1 жыл жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін – 5 балл, әр жылы үшін –1 балл;
- өтініш берушінің түрлі салаларда жеке жетістіктері болған жағдайда – 2 балл;
- бюджеттік ұйымдардағы еңбек қызметі үшін (мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар) – 5 балл, жұмыс өтілінің әр жылы үшін – 1 балл;
- екінші деңгейлі банктердің жинақ шоттарындағы (депозиттердегі) жинақтардың әр жылы үшін – 2 балл.

Балл тең түскен жағдайда өтінімді уақыты бойынша ертерек берген үміткерге басымдық беріледі.

Цифрлық технологиялдарды қолдану тұрғын үй құрылысында қалай көрініс береді?

«Бәйтерек» холдингі 2018 жылы маусымда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қаржыландырылатын нысандарға мониторинг жүргізетін интернет-порталды және ситуациялық орталықты іске қосты. Портал өңірлердегі тұрғын үй нысандарының салыну барысы туралы электронды ақпаратты орналастыратын жергілікті атқарушы органдарға арналды. Аталған мәліметтердің барлығы интерактивті ситуациялық орталықта нақты уақыт режимінде көрсетіледі. Бұл жоба бейнекамераларды, дрондар мен басқа технологияларды қолдана отырып салынып жатқан барлық нысандарға дистанциялық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. «Ақылды» камералар нысандардағы техниканы, құрылыс кезеңдері мен жұмыс күшінің қозғалысын аса жоғары дәлдікпен таниды.

«Бөлінген қаражаттың игерілуін қадағалау және деректер талдауы негізінде тиісті шешімдер шығару мүмкіндігі пайда болды. Қазіргі таңда электронды деректер базасы 300-ге жуық салынып жатқан нысанды қамтиды, оның әрқайсысы бойынша жан-жақты ақпарат бар. Техникалық бақылау өкілдері үшін арнайы мобильді қосымша жасалды. Ол құрылыс алаңында телефоннан деректерді жүктеуге мүмкіндік береді. Толтыру тәртібі өндірістік жұмыстар кестесінен көрінеді, техникалық бақылау өкілі нысанда неше рет болғанын көруге болады. Сонымен қатар, осы жоба мысалында цифрландырудың ресурстарды қалай үнемдейтінін байқауға болады. Құрылыстың бұрынғы мониторинг форматы ақпаратты жинауға аптасына 8 жұмыс сағатын және біздің сарапшыларымыздың оларды жинақтап, талдауы үшін тағы 8 сағат уақытты қажет ететін. Жаңа портал бұл уақытты 8 есе қысқартады. Бүгінде ақпаратты алу үшін небәрі 1 сағат уақыт және оны өңдеу үшін 1 сағат қана қажет.

Мониторингтің цифрлық форматы жыл сайын холдинг бюджетінің 30 млн теңгеге жуығын үнемдейді. Өз платформасында тікелей тапсырыс берушілер мен делдалсыз жеткізушілерді біріктіре алатын онлайн маркетплейстерді қолдану арқылы инфрақұрылым нысандары мен тұрғын үй құрылысын арзандатуға зор мүмкіндіктер туындады. Холдинг бұл бағыттағы жұмыстарды бастады. Бұл барлық тараптардың операциялық шығындарын орта есеппен 20%-ке азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте белгіленген бағалар бойынша ұзақмерзімді офтейк-келісімшарттар жүйесін енгізу үй құрылыс комбинаттарының және отандық құрылыс материалдарын өндірушілердің жүктемесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Маркетплейстер барынша ашық болуы тиіс және толық ақпарат беруі керек, бұл жосықсыз жеткізушілерді болдырмайды. Егер құрылыстың өзіндік құнында құрылыс материалдарының үлесі 55%-тен жоғары болатынын ескерсек, онда тұрғын үйдің 1 ш.м. үшін құрылыс бағасы орта есеппен 10%-ке төмендетіле алады.

Мұндай платформаларды жылжымайтын мүлік нарығы үшін де құру қажет, мұнда тұрғындар, коммерциялық банктер, девелоперлер, жеке құрылыс салушылар мен мемлекеттік органдар бірыңғай алаңға жиналып, өз қызметтерін ұсына алатын болады. 2017 жылдың тамыз айынан бастап «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» желісі бойынша «Baspana.kz» жылжымайтын мүлік интернет-порталы іске қосылды, ол өз платформасында ТҰҚЖБ барлық клиенттерін, құрылыс компаниялары мен мемлекеттік органдарды біріктірді. Енді қазақстандықтар «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының шарттары бойынша онлайн-консультация, дайын және салынып жатқан нысандар, шаршы метрінің құны және банк өнімдері туралы ақпаратты ала алады. Порталда 153 мыңнан аса қолданушы тіркелген, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 356 нысан орналастырылған. Онлайн-алаң арқылы тұрғын үй сатып алушылар пұлына қатысуға барлығы 222 мыңнан аса өтініш берілген, жалпы сомасы 155 млрд теңгеге белгіленген баға бойынша 17 мыңнан астам пәтер сатылған. 277 млрд теңге сомасына 29 мыңға жуық пәтер өткізілу сатысында. ІТ-қызметтер желісінің кеңейтілуімен және «Ақылды үй» жүйесі элементтерінің енгізілуімен қолжетімді тұрғын үй экожүйесінің ауқымы біршама артады.

Мысалы, «E-SHANYRAQ» ТКШ бірыңғай ақпараттық жүйесінің толыққанды режимде енгізілуі тұрғындарға үйді басқаруға онлайн қатысуға, басқарушы компаниялардың қаржыны нысаналы пайдалануына мониторинг жүргізуге және оның ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрғындар нақты уақыт режимінде есептеуіштерінің көрсеткіштері мен бекітілген тарифтердің негізінде қойылған есептің дұрыстығын тексере алады. «Ақылды» есептеу құрылғыларын орнату көрсетілетін қызмет құнын орта есеппен 35%-ке төмендетуге мүмкіндік береді. Осылайша, құрылыс саласын толыққанды цифрландыру, SMART-технологияларды қолдану және байланыстың жаппай қолжетімді болуы негізінде Қолжетімді тұрғын үй экожүйесі қалыптасатын негізгі факторлардың бірі болып саналады, бұл өз кезегінде экономиканың іргелес салаларын ынталандырады. Түптің-түбінде мұның барлығы нәтижелі жұмыспен қамтуға, жұмыс орындарын ашуға, тұрғындар үшін экономикалық және өндірістік ресурстар мен мүмкіндіктерге тең қолжетімділіктің болуына ықпал етеді.

Құрылыстағы үлескерлік туралы нені білу керек?

Жеке құрылыс салушылар үшін тұрғын үй салудағы негізгі мәселе – қолжетімді қаржыландыру. Бүгінгі таңда тұрғын үй құрылысындағы негізгі проблемалардың бірі – құрылыс салушылар үшін қорландырудың «қымбат болуы» және коммерциялық банктер тарапынан кепілдік базаны қамтамасыз ету бойынша талаптардың қойылуы. Егер 2009 жылы банктер қоржынында құрылыс үлесі 20%-тен асса, бүгінде бұл көрсеткіш 3 есе азайған және 7%-тен аспайды.

«Бәйтерек» холдингінің қаржы операторы ретінде нарық ресурстарын тартуға, ағымдағы қаржы ағымын микширлеуге, жеке құрылыс салушылар үшін қорландырудың қандай да бір «делдалдарсыз» арзандатуға мүмкіндіктері бар. Несие ресурстарын субсидиялау және кепілдендіру тетіктері арқылы құрылыс компанияларына қолдау көрсету мүмкіндігі бар. Мысалы, құрылыс салушылардың несиелерін субсидиялау арқылы «Даму» қоры жалпы сомасы 91,6 млрд теңгеге 87 жобаға қолдау көрсетті.

Бұл құрылыс компаниялары үшін нарықтық насиелерді 50%-ке арзандатуға мүмкіндік берді. Тұрғын үй қорын кепілдендіру қоры арқылы үлескерлік тұрғын үй құрылысын кепілдендірудің қосымша жаңа тетігі адал жеке құрылыс салушыларға тұрғындардың қаражатын 0%-пен тартуға мүмкіндік береді. Коммерциялық нарықта өзінің немесе займ қаражаты арқылы тұрғын үй алғысы келетін азаматтар үшін үлескерлік құрылысты аяктауға кепілдіктер беріледі.

Ең алдымен, ол азаматтардың қаражатының сақталуына және жосықсыз құрылыс салушылардан қорғауға бағытталған. Ол үшін 2016 жылы тұрғын үй құрылысына үлескерлік қатысу туралы жаңа Заң қабылданды. Заң бойынша тұрғындардан үлескерлік құрылысқа қаражат тарту тек әкімдіктің рұқсаты болған жағдайда немесе біздің еншілес ұйымымыз – Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қоры тарапынан кепіл болғанда ғана рұқсат етіледі. Егер құрылыс компаниясы Қордан кепілдік алған болса, бұл ақпарат www.hgf.kz сайтында жарияланады.

Бүгінгі таңда жалпы сомасы 137,9 млрд теңге шамасындағы жобалар мақұлданды. Бұл тұрғындардың коммерциялық нарықта 9,8 мыңнан астам пәтерді сатып алуға, салымдарын қорғауға мүмкіндік берді. Егер мұндай кепілдік болмаса, онда құрылыс салушының үлескерлердің қаражатын тартуға әкімдіктен алған рұқсаты болуы керек, мұндай ақпаратты тиісті әкімдіктен нақтылауға болады. Мұны міндетті түрде білу керек, себебі, ақпарат нақты болмаған жағдайда бар жауапкершілік пен тәуекел үлескерге жүктеледі.

Айта кетейік, заң бойынша үлескерлердің қаражатын тартуға әкімдіктен құрылыс салушы тек екі жағдайда рұқсат ала алады: егер ол өз есебінен ғимарат қаңқасын тұрғызған болса, ал бұл жобаның жалпы құнының 40-60%-і немесе банктен қаржыландыру алған болса. Егер құрылыс салушы қор кепілдігін көрсетпесе, әкімдік бұл нысан бойынша тиісті рұқсат берілмегенін жеткізсе, ақша салып тәуекелге барудың керегі жоқ. Мұндайда құқық қорғау органдарына жүгінген жөн.

Primeminister.kz сайтының мәліметі негізінде әзірленді.

3-бет.

ТАҒЗЫМ

Жанынан жарық таратқан

Жазмыштан озмыш жоқ. Өмір керуеніне қосылу да, ажырау да бар. Шәкәрімше айтар болсам: «Артымда адам атым қалсын» деп өлшеулі өмірін лайықты сүре білген Молдарай Дүйсенбайұлы 1941 жылдың 20 қазанында Шиелі ауданы Сұлутөбе елді мекенінде дүниеге келіп, 2019 жылдың 2 қарашасында 78 жасқа толған шағында бұл жалғаннан мәңгілік дүниеге өтті.

Уақыт, шіркін, өз дегеніне көндіріп, Молдекеңнің қырық күндік асын беру жұмысының дайындығын жасатуда. Реті келсе сәті келмей, сәті келсе реті келіңкіремей қалатын, осы бір асау құбылыстарды ырқыма көндіріп, шынайы ниетпен қолыма қалам алып ақ қағазға естелік жазуға бел будым. Кеше ғана бірге жүріп, дастархан басында сабырлы үнімен сабақтасқан ғибратты әңгімелерін естіп-тыңдап жүрген бізге ол кісімен қоштасу қиынның қиыны болғаны рас. Сондықтан да шығар, «қуаныш келсе, қуан бірақ асып-таспа, қайғы келсе, қайғыр, бірақ жүнжіме» деп бір-бірімізді жұбатып, Жаратушыға шүкірлік айтатынымыз. Шәкәрім атамыздың фәлсафасына сүйенсем шынында да адам өмірі үш кезеңнен тұрса керек-ті. Біріншісі, балалық кезең – өмірдің басы, екіншісі, сапалық кезең – өмірдің ортасы, үшінші кезең, даналық кезең – өмірдің соңы. Міне, осы үш кезеңді әрбір адам басынан өткерері рас.

Молдарай Дүйсенбайұлы сұрапыл соғыс басталғанда дүниеге келді. Балалық шағы қиын заманда өтті. Дегенмен, әлемде теңдесі жоқ қазақи әдет-ғұрып пен тәрбиенің және ана сүтімен қанына дарыған тектіліктің арқасында ол сынаққа толы кезеңдерден азып-тозбай, қайта шыңдала түсіп, ерте есейіп азамат болып қалыптасты. Сол заманның куәгерлерінің қатары да бүгінде сиреп барады.

Адалдықтың бәйгесіне атын қоса білген, жастайынан ашы мен тұщының дәмін татқан Молдекең ұстаздық жолды таңдаған. Ол 1964 жылы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Тіл-әдебиеті және музыка» факультетін тәмамдап, өзінің еңбек жолын №1 қалалық мектеп-интернатында ұстаздықтан бастап, нәтижелі еңбегінің арқасында оқу-ісінің меңгерушісіне көтеріліп, одан соң қалалық оқу бөлімінің әдіскері қызметіне жоғарылады. 1982-1985 жылдары облыстық халыққа білім беру басқармасының инспекторы, 1985 жылдан облыстық жас техниктер стансасының директоры қызметін абыроймен атқарып, 40 жылғы еңбектен соң 2004 жылы зейнеткерлікке шықты. Отан алдындағы борышын Кеңес армиясының қатарында және ҚР Компартиясы қалалық партия комитетінің жолдамасымен облыстық ішкі істер басқармасында өзіне міндеттелген қызметтерін абыроймен атқарған. Үкімет пен партия тарапынан Молдарай Дүйсенбайұлының атқарған еңбектері дер кезінде бағаланып, ол бірқатар Алғыс хат пен Құрмет грамотасымен және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің озаты» медалімен марапатталған. Бұл қарапайым, адал, әділетті Молдекең құдамның өмірінің сапалы кезеңі, яғни ортаншы өмірі болса керек-ті. Осы ортаншы өмірінде ұясынан қанатына ілгенін, өсіп-өніп білім алып көңіліне тоқығанын, адами құндылықтар мен қазақи тәрбиенің мәуесін жас ұрпаққа берді.

Адами қарым-қатынасты өмірінің соңына дейін ту еткен, үлкенге деген құрметі мен кішіге деген ізеті өшпеген, білгенін балаға үйретуден жалықпаған ұстаз Молдарай Дүйсенбайұлы қазақи мінезінің арқасында талайдың тура жолға түсуіне септігін тигізген жан. Білгенін балаға үйретуден жалықпаған нағыз ұстаз. Осындай жақсы қасиеттерін бағалай білген шәкірттері мен замандастарының, ұрпақтарының жадында мәңгі сақталары хақ. Молдекең кітаптың адам баласының өміріндегі ролі мен маңызы туралы көп айтатын және кітап оқуды үнемі насихаттайтын.

Былтыр «Заманауи әлемдегі оқу мәдениеті» атты айдармен Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен III Халықаралық оқу конгресі өткен болатын. Ақыл-ой жемісін, яғни кітапты ең басты құндылыққа балап, кітап оқуды насихаттаудың әлемдік тәжірибелері талқыланып, интеллектуалдық әлеуетті арттыруды мақсат еткен іс-шараға алыс-жақын шет елдерден қонақтар келіп, пікір алмасты. Конгресс «Дүниедегі барлық білімді біріктіретін, жалпы моральды ұстап тұратын күш әдебиетте ғана бар» деген тұжырым жасады. Керемет. Мен ойдың тұңғиығына баттым. Сонда Молдекең өзінің өмірінің соңын даналық арнаға бұрып шынайы даналық форматта өмір сүрген екен ғой деп ой түйдім. Қуандым.

Расында ол өмірінің соңына дейін өмірлік досы – кітабы мен қаламын серік етіп, балаларының, немерелерінің және шөберелерінің тәрбиесімен қатар ағарту жұмыстарын үзбей жалғастырды. Зейнеткерлікке шыққан соң өз қаражатына үйінен жеке кітапханасын ұйымдастырып, көрші-көлем, ағайын-туыстарына және студенттерге тегін қызмет жасады. Ол кісі әр оқырманға арнайы журнал жүргізіп, барлық кітаптарын алфавиттік реттілікке келтіріп сөрелерін ұқыпты және таза ұстайтын. Ізденістің арқасында компьютерден бас алмай, уақытпен санаспай шежіре жазып баспадан шығартқан. Жаназасына жиналған жер қайысқан қауым Молдекеңнің жақсылықтарын айтты, қимастықпен қоштасты. Әлі де талай жыл жақсы жан жайлы жіліктің майындай жылы лебіздердің айтылатынына сенімдімін. Бүгінгі күннің кітапты насихаттаудағы озық үлгісін көрсете білген қарапайым ұстаз Молдарай Дүйсенбайұлының осындай игі жұмыстарының куәсіміз.

Молдекең құдай берген мінезіне мәдениеті сай азамат ретінде өмірлік жары Орынкүлді таңдауда да жаңылмаған жан. Олар дүниеге бір ұл және төрт қыз әкеліп, перзент алдындағы ата-аналық парызын толығымен орындаған. Бүгіндері ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты отбасының біріне айналған. Молдекең мен Орекең – бір шаңырақтың астында бала мен келіннің қызметін көріп, немере мен немере келін жұмсап, шөберенің қолынан су ішкен бақытты жандар.

Біз осындай отбасынан қыз алып құда болғанымызға шүкіршілік етеміз. Бірде күз айында Молдекең бүкіл құдаларын шайға шақырып, дастархан үстінде «Мен басқосудың бір жаңа үрдісін енгузуді жөн көріп тұрмын, қабыл алсаңыздар, осы күнді «Құдалар күні» деп атайық» деген ұсыныс енгізген болатын. Бүкіл құдалар ұсынысын қабыл алып, ал Молдекең «Құдалар күнін» енгізген алғашқы адам болып жадымызда қалды.

Міне, үш-ақ кезеңнен тұратын, қамшының сабындай қысқа өмір осындай екен. Жетінші желтоқсанда жары мен ұл-қыздары Мөлдекеңнің қырық күндік асын бергелі жатыр. Ақиретте амал дәптерлері оң жағынан беріліп, жаны жаннаттық болсын.

Мәлс НАЗАРҰЛЫ,
зейнеткер.

Психологиялық стреске қарсы әдістер

Стресс – қоршаған ортаның жағымсыз әсерлеріне ағзаның қорғаныштық реакциясы.

1. Аптадағы жарты күнді өзіңізге ұнайтындай етіп өткізіңіз. Жылы душ қабылдаңыз, билеңіз, әуен тыңдаңыз. Демалып, қыдырыңыз немесе таза ауада серуендеңіз. Өзіңізді тек қана жұмысқа арнағанды тоқтатыңыз!

2. Күніне 1 реттен кем емес айналаңыздағы жандарға немесе өзіңізге ең қымбат адамға жылы сөз айтыңыз немесе сыйлық жасаңыз. Оның (олардың) сізге де сондай жауап қайтаратынына күмәніңіз болмасын.

3. Азанмен ерте оянып, таза ауада жүгіріп немесе дене жаттығуын жасауды әдетке айналдырыңыз. Жаттығулар адамды мезі ететіндей болмасын, егер жаттығудан кейін сізге душ қабылдау керек болса, онда сіз бір нәрсені дұрыс істемедіңіз немесе жаттығуды дұрыс жасамадыңыз.

4. Суды көбірек ішіңіз (спиртті сусын емес), денені қалыпты ұстау үшін күніне 1-1,5 литр су ішу қажет. Аш қарынға қайнаған жылы суды бірден емес бөліп-бөліп ішіп бастаған дұрыс.

5. Аптасына бір рет өзіңізге «зиянын» тигізетін іспен де айналысып көріңіз. (мысалы, тәттілер жеу арқылы диетаны «сәл-сәл» бұзуға болады немесе әдеттегіден ерте немесе кеш жатыңыз). Өзіңізді бақылауда ұстаңыз, егер бұл әдеттерді қайталай беріп дағдыға айналдырып алсаңыз, онда сіз ипозондрик (ешкімнің айтқанын елемейтін адам) боласыз.

6. Өз өміріңізді бұзуға асықпаңыз. Сізге келген кейбір хаттар мен телефон қоңырауларына көңіліңіз соқпаса, жауап бермей-ақ қойыңыз. Жұмысы жоқ кейбір адамдар сізге ұнамайтын және керек емес әңгімелерді айтып, сіздің өміріңіздің минуттарын, сағаттарын (сондай-ақ күндерін де) ұрлауда, сөйтіп сізде стрестер туындалуда.

7. Көңіл-күйіңіз түсіңкі немесе ашулы болсаңыз, күш қажет ететін жұмыс істеңіз: бақшада жұмыс істеп, арықтарды тазалаңыз, үй жиһаздарын ауыстырыңыз.

8. Күніне ең аз дегенде бір банан жеңіз. Онда барлық витаминдер, микроэлементтер бар, сонымен қатар оның энергетикалық құндылығы жоғары.

9. Адамдармен қарым-қатынаста күнделікті өмірде күлімдеңіз және олармен әңгімелесіңіз. Бұл қарапайым ғана нәрсе, солай емес пе?

Жедел стресс кезіндегі алғашқы көмек

1. Ең бастысы, өз-өзіңізді қолға алып, шоктың дамуын тоқтату үшін, өзіңізге «ТОҚТА» деп айтыңыз.

2. Қандай жедел жағдайлар болмасын салмақты, сабырлы болуға тырысыңыз. Сіздің орныңызға басқа біреулер жүйкесін тоздырсын.

3. Небір ауыр кикілжіндерде өз-өзіңізді ұстасаңыз, сіз ол жерде әлсіз жақ болып қалмайсыз. Керісінше, сіз ол жерде мықты және тұрақты тұлға ретінде қаласыз. Егер сізге «есексің» десе аяғыңа қара, сізде есектің тұяғы жоқ па, демек сіз ол айтқан есек емессіз, айтқан адамның өзі кім екенін сезінсін.

4. Эмоцияға беріліп, бойымызды ашуға алдырып, қатал және дөрекі сөздердің абайсызда аузымыздан қалай кеткенін білмей қаламыз. Оның орнына өзіңіздің ренжісіңіз бен оның себептері туралы өз туысқандарыңызға түсіндіріңіз. Ашу өрт секілді. Ашу кернеген кезде суық су ішіңіз немесе жуыныңыз, дәрет алыңыз. Сонда ғана ренжісулер мен ұрыс-керістер болмайды.

5. Егер де жағдайды тез арада өзгерту мүмкін болмаса, оған деген көзқарасыңызды өзгертуге тырысыңыз. Әр оқиғаның оңтайлы жағын іздестіруге ұмтылыңыз. Күліңіз! Мейілінше жиі күліңіз! Күлкі – стреске қарсы келетін күшті ем. Өз қиыншылықтарыңыздан бір күлкілі нәрсе көру – мәселеге деген көзқарасты өзгертудің ұтымды әдісі.

Гүлайна БӨЛЕКБАЕВА,
Қызылорда теміржол емханасының психологі.

ТУРНИР

Қазалыдағы бокс бәсекесі

№17 Қазалы спорт мектебінде аудан әкімдігі мен облыстық спорт басқармасының ұйымдастыруымен бапкер Тарғын Нұралиевті еске алу облыстық турнирі өтті. Турнирді өткізуге бапкердің шәкірттері төрт ай дайындық жасады. Жанқожа батыр атындағы орталық мешітте профессор Мұхан Таңатарұлының бастауымен Нұралиевтер әулеті Тарғынның аруағына арнап ас берді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Келесі күні спорт мектебінің ғимаратында байрақты бәсеке басталды. Турнирдің ашылу салтанатындағы кіріспе сөзінде Қазалы ауданы әкімі Мұрат Ергешбаев бапкердің аудан боксының қарыштап алға басуына еңбек сіңіргенін айтты.

Тарғынның дүниеден өткеніне санаулы айдан соң он жыл толады. Осы аралықта бокстың дамуы жолында тер төккен білікті бапкердің есімі мүлде аталған жоқ. Бапкердің көзін көрген қауым «Тарғын Нұралиевті еске алып турнир ұйымдастырылса, қажетті шығынды өзіміз табар едік» деді.

Турнир республикалық дәрежеде өтті. Жарысқа Қызылорда, Байқоңыр қаласы мен аудандарға қоса Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облысынан командалар қатысып, бір аптаға жуық бақ сынасты. Қажетті қаражатты шәкірттері, достары, кластастары, туыстары мен Өркендеу, Қожабақы ауылындағы жерлестері көтерді.

Турнир барысында белгілі спортшы Бақытбек Қазыбаев «Мұндай ауқымды жарыстың Қазалыда өткеніне қатты риза болдым. Ұйымдастырушыларға ризашылығым шексіз» деген пікірін білдірді.

Қазалыға алғаш рет қадам басқан Шығыс Қазақстан облысы мен Қарағандыдан келген меймандар өздері бұрын-соңды атын да көп естімеген шалғай аудандағы көркі келіскен заманауи үлгідегі спорт кешендеріне, олардың жабдықталуына, әсіресе жарысқа арнап құрылған су жаңа рингке сүйсінгендерін жеткізді. Туған жеріміздің мақтағанға мерейіміз тасып қалды. Баршаның басын қосқан спорт додасын өткізгеннен рухани тұрғыда ұтпасақ, ұтылмағанымызды терең түйсіндік.

Қазалы ауданы.

ЕКПЕ

Ауа райы құбылмалы кезде инфекциялық аурулар белең алады. Сондай аурудың бірі – қызылша – ауа арқылы таралатын жұқпалы ауру.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Қызылшадан қорғаныңыз

Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, биылғы 10 айда өңірде 473 адам қызылшаға шалдыққан. Олардың 83%-і ауруға қарсы егілмеген болып отыр. Оның ішінде 46%-і жасы жетпеуіне (1 жасқа дейінгі балалар) байланысты егілмесе, 27%-нің егілгенін растайтын құжаты жоқ және 5%-і жоспарлы профилактикалық екпеден бас тартқан.

Аурудың эпидахуалын тұрақтандыру мақсатында сәуір айынан бастап 9-10 айлық балалар, қыркүйек айының 16-нан бастап 20-29 жас аралығындағы ересектер егілді. Бүгінгі күнге дейін жоспардағы 9-10 айлық балалардың (12302 бала) 77%-і немесе 9435-і қызылша, қызамық, эпидпаротит ауруларына қарсы «ККП» вакцинасымен қамтылды. Ал 20-29 жас аралығындағы 73301 азаматтың 84%-не қызылша, қызамық ауруларына қарсы егу жүргізілді.

Мамандардың айтуынша, қызылша ауруының жасырын өту кезеңі 7-28 күн аралығы, орташа 7-10 күн, аурудың басталу кезеңі 3-5 күнге созылады. Науқастың дене қызуы көтеріліп, жоғарғы тыныс жолдары қабынады, құрғақ, қатқыл жөтел пайда болады, мұрнынан су ағып, дауысы қарлығады, ентігу, ауыз-жұтқыншақтың алаулап қызаруы, көздің қызаруы, жасауруы, іштің өтуі мүмкін. Бұл кезеңде ұрттың сілекейлі қабығында, кіші азу тістерде, қатты таңдайда, бадамша безде, жұтқыншақтың артқы жағында қызарған дақтар пайда болады. Ал аурудың нағыз қызған кезеңінде дене қызуы көтеріледі, ағзаның улануы байқалады. Денеде бір-бірімен қосылған анық қызыл бөртпелер пайда болады. Бірінші күні бетке, құлақ артына, мойынға, кеуденің жоғарғы бөлігіне, екінші күні кеудеге, қолдың жоғарғы жағына, ал үшінші күні қол мен аяққа тегіс тыстап бөртпелер шығады. Үшінші күннен кейін бөртпелер біртіндеп қайтады, теріде дақтар қалады. Аурудың айналасындағыларға бөртпе пайда болғанға дейін төрт күн, онан кейін төрт күн ішінде ауру жұғу қаупі жоғары. Сондықтан белгілер байқалған бойда тез арада дәрігерге көріну керек. Қызылшаның арнайы емі жоқ. Өкпенің жедел қабынуы, құлақ естімей, көз көрмей қалуы, мидың жедел қабынуы секілді асқынулармен қауіпті. Аурудан сақтанудың ең тиімді жолы және негізгі қорғану тәсілі – ауруға қарсы ектіру. Осы орайда мамандар тұрғындарды ауруға қарсы вакцина қабылдап, қорғануға шақырады.

ОҚИҒА

Автобус аударылды, 8 адам қаза тапты

Кеше «Қызылорда-Құмкөл» тасжолында таңғы 04.30 шамасында облыс орталығынан 70 шақырым қашықтықта жолаушылар автобусы аударылды. Жол апаты көктайғақта жүргізушінің рульге ие бола алмай қалуынан болды. Оқиға салдарынан 8 адам қаза тауып, 21 адам емдеу орындарына жатқызылды.

Шынар БЕКБАН.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бектөре Сұлтан мәлімдегендей, автобуста 36 жолаушы болған. Барлығы Шымкент қаласы мен Түркістан облысының азаматтары. «South Oil» серіктестігінің қызметкерлері отырған автобус «Құмкөл» кенішінен Шымкент қаласына бағыт алған.

Оқиға орнына жедел жәрдем көліктері мен тиісті сала басшылары бірден жеткен. Апатқа байланысты қылмыстық іс қозғалды.

– Автобуста болған азаматтардың жеке бастарына қатысты мәліметтер анықталуда. Бұл оқиға бойынша ҚР Қылмыстық кодексі 345-бабының 4-бөлігі бойынша тергеу амалдары басталды. Тиісті сараптама тағайындалды, – деді Б.Сұлтан.

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Шамшидин Әмитов ауа райының қолайсыздығына байланысты бұқаралық ақпарат құралдары, сонымен қатар төтенше жағдай департаменті мамандары sms арқылы ескерту жариялағанын айтты. Соған қарамастан жолға шыққан компания басшылығы тергеу жұмыстарының нәтижесімен қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Ауыр жарақаттанған 6 адам облыстық ауруханаға жеткізілді. 16-сы орташа деңгейде, 7-і жеңіл жарақат алған. Республикалық шұғыл медициналық көмек орталығы тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр, санитарлық авиация бригадасы да оқиға орнына барған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Ысқақов жарақат алған 21 адам облыстық және қалалық ауруханаларға жатқызылғанын хабарлады.

– Оқиға орнында барлығы 7 жедел жәрдем көлігімен барған дәрігерлер алғашқы көмек көрсетті. Санитарлық авиация желісі пайдаланылды. Жарақат алған 21 адам облыстық медицина орталығы мен қалалық ауруханаға жатқызылды. Оның 17-сі облыстық медицина орталығында ем қабылдауда, 5-і жансақтау бөліміне орналастырылған. Қалалық ауруханаға жеткізілген 4 науқастың 1-і жансақтау бөлімінде. Оларға барлық тиісті емдеу шаралары жасалуда, – деді ол.

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-19-01) «Майбұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №45 ұңғымадан шығу желісі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-09-03) «Арысқұм кешенінде СП-10 және 428 ұңғымаға кірме автожолдар» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшылығының жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қабылдау күні	Мекен-жайы	телефон
Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы	Темірбеков Рашид Темірбекұлы	Аптаның сейсенбі күндері сағат 15:00 - 18:00	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көш., 16. кабинет №208	21-50-88
Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары	Касымбаев Алмас Бакытбергенович	Аптаның бейсенбі күндері сағат 15:00 - 18:00	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көш., 16. кабинет №202	21-50-88

Қабылдауға жазылу 8 (7242) 21-54-65, 21-50-88 телефондары бойынша.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

ШАРА

Мемлекет қолдауы толастамайды

Қызылордада 30 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. Халықаралық мүгедектер күніне орай А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен шарада облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов олардың әлеуметтік ахуалын жақсарту бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА.

Мұндай санаттағы адамдарға қамқорлық жасау назардан тыс қалған емес. Елбасы тапсырмасына сәйкес мүгедек бала тәрбиелеуші ата-аналар, қамқоршылар мен отбасылар үшін жәрдемақы 30 процентке көбейді. Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауында Мемлекет басшысы: «Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарға тең мүмкіндіктер жасауға міндеттіміз», – деп атап өтті. Елімізде мүгедек жандардың өмір сүру сапасын жақсарту және құқықтарын қамтамасыз етуге арналған 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар бекітілді.

– Ұлттық жоспар аясында 2020 жылдан бастап әлеуметтік қызметтер порталы қолданысқа енгізіледі. Бұл техникалық құралдармен, оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету сапасын жақсартуға, оларды алу мерзімін қысқартуға, мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Негізгі мақсат – мүмкіндігі шектеулі жандарды инклюзия және қоғам өміріне белсенді тарту үшін барынша жағдай жасау, – деді аймақ басшысы.

Арнайы әзірленген жеке оңалту бағдарламаларын жүзеге асыру үшін бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі жылдан-жылға артып отыр. Нәтижесінде бағдарламалардың орындалу көрсеткіші 82,6 процент болды, бұл республикалық көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.

– Өмірде кенеттен болатын жағдайлар аз кездеспейді, қиындықтан ешкім сақтандырылмаған. Бұрындары ерекше қажеттілігі бар адамдарды көшеде сирек кездестіретінбіз. Бүгінде оларды қоғамдық-көпшілік жерлерде, спорт клубтарында, би үйірмелерінде, пікір алмасу жиындарында, басқа да жерлерде көріп жүрміз. Бұл – осы санаттағы азаматтарға жасалып жатқан жұмыстардың оң нәтижесі, – деді облыс әкімі.

«Армансыз күнім болмайды» атты шарада түрлі салада жетістікке жеткен сан қилы тағдыр иелері мен оларды әркез қолдауға әзір ұйымдар мен азаматтар аймақ басшысының алғыс хатын иеленді. Марапатталғандар қатарында жаңақорғандық әнші Ақнұр Смақова, қазалылық көркемсөз оқу шебері Айнұр Жәлиева, қызылордалық қолөнерші Күлсін Арзымбетова, Қазалыдағы «Шапағат» мүгедек балаларды сауықтыру орталығы, Қызылорда қаласындағы «Асыл мирас» аутизм орталығы, «Ел-арай» қоғамдық қоры және тағы басқалар бар.

Жиын барысында мүмкіндігі шектеулі өнерлі жандар концерттік бағдарлама ұсынды.

Әлем жаңалықтары

Рождестволық жәрмеңкелер

Тойдың болғанынан болары қызық. Еуропаның барлық қалаларында рождестволық жәрмеңкелер ашылып, халық мейрамға қызу дайындықты бастады.

Мерекелік базардың бірі Германияның Бонн қаласының орталық алаңында орналасқан. Қаз-қатар тізілген дүңгіршектерден рождествоға қажетті әшекейлерден бастап, кәдесыйлар мен түрлі тәттілерді сатып алуға болады. Дәл осындай рождестволық жәрмеңке өткен жылы ланкестік болған Францияның Страсбург қаласында да ашылды. Бірақ биыл ондағы мерекелік базарға кіретін жерлерде тексеру-бақылау бекеттері қойылып, қауіпсіздік шаралары барынша күшейтілген.

Жәрмеңкелер жаңа жылға дейін жұмыс істейді. «Біз жыл сайын рождество қарсаңында дүңгіршегімізді ашып, мерекелік жәрмеңкеге қатысамыз. Бұл – біздің дәстүрлі кәсібіміз. Былтырғыдай төтенше жағдай қайталанбасын деп тілейміз. Өткен жылғы қайғылы оқиғаға қарамастан биыл саяхатшылар көптеп келіп жатыр. Рождество мерекесінде олардың қарасы тіпті артатын шығар деп үміттенеміз» дейді жәрмеңке сатушылары.

Қызыл алма құрып кетпей ме?

Дүкендерде жасыл, сары алманың түр-түрі тұратынына қарамастан, қызыл алманың орны ерекше. Тіпті, кітаптарда да алманы қызыл түспен бояйды.

«Қазіргі алмалардың арғы атасы Қазақстанда өскен жабайы ағаштар болды. Адамзаттың дамуынан соңғы елу жылда жабайы алманың саны азайғанына қарамастан, бүгінгі таңда ол жерлерде әлі де жабайы алма өседі» деп жазады BBC.

Ғалымдар алманың түсіне алма қабығындағы белгілі бір ген әсер ететінін анықтады. Сонымен қатар алманың түсіне ауа температурасы да әсер етеді дейді. Зерттеушілер күн ыстық болған кездері, әсіресе шілде айларында қызыл алманың реңі сарылау болатынын байқаған. Жаһандық жылыну салдарынан болашақта қызыл алма жойылуы мүмкін.

Жасанды көз: болашақта роботтар қалай көреді?

Автокөліктер көшеде жүргізушісіз жүруі үшін қандай «көз» керек екені дауға ұласты. Илон Маск Lidar лазерлі сканерлеу жүйесінің тым қымбат әрі қажетсіз болатынын айтты.

Оның пайымынша, жасанды интеллект пен камералардың бірігуі автокөліктердің жүргізушісіз қозғалуы үшін жеткілікті болады, деп жазды «Қазақпарат» BBC-ге сілтеме жасап.

Масктің пікіріне қарамастан, 10 мың доллар тұратын бұл жүйенің қажет екенін айтушылар да бар. Автономды көліктердің қоршаған ортаны қабылдайтын басқа да мүмкіндіктері бар болғанымен, олар әлсіз. Қазіргі таңда Lidar жүйесінің бағасын төмендетіп, арзанырақ әрі тиімдірек нұсқасын жасау мәселесі күн тәртібінде тұр. Lidar жүйесі кез келген ауа райында қоршаған ортаны жақсы тани алады.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» –

ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-RU.АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшеньнің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы азқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонент «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Биологиялық активті қосылыс дәрілік зат болып табылмайды.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы)
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде;

Сәйкестік жекелігінсі ЕАЭС №RU D-RU.НА88.В.04078/19, 09.04.2019 жылдан 08.04.2022 жылға дейін жарамды

«Огненный корень» кремінің бағасы – 3500 тг
Акция 3+1, бір курсқа – 4 крем ұсынылады.

«Отты тамыры» кремі буындардағы ауырсынуды, ісіну мен қабынуды жояды, буын қапшығындағы қан айналымы мен минералды алмасуларды жақсартады. Хондроитиннің көмегімен шеміршектің қалыпқа келуін тездетеді.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:



Байесова Каззима 63 жаста, Ақтөбе обл., Шалқар ауданы, ст. Қотыртас

– Мен «Женьшень» бальзамын іше бастағаныма 4 айдан асты. Көптен бері аяқ-қолдарым сырқырап ауыратын. Асқазан-өт жолдарым мазалап, аузыма әрдайым қышқыл дәм келіп тұратын. Қан қысымым өте төмен болатын – 80/40. Үнемі әлсіздік, бас ауруы, ангинам (тамағым көтеріліп), ауа райына байланысты жөтел пайда болды. Осы бальзамды іше бастағалы, жөтелім мазаламайды, аяқ-қолдарымның сырқырап ауырғаны басылды. Асқазанымның жұмысы дұрысталып, аузымдағы қышқыл дәм мүлдем жойылды. Қан қысымым 110/80 қалпына келіп, бас ауруы, әлсіздік кетті. Өзімді сергек сезінемін, көңіл күйім жақсы. Осы "Женьшень" бальзамын өндірушілерге рахмет.

Қанатбаева Рита, 53 жаста, Алматы

– Мені көп жылдар бойы әлсіздік пен жүрек аурулары мазалап, өт жолдары мен бауырым ауыратын. Созылмалы бронхит, ентікпеден де азап шегемін. Осыдан 3 ай бұрын туысқандарымнан «Женьшень» бальзамы туралы жақсы пікірлер естідім. «Женьшень – өмір қуаты» бальзамы туралы газеттен оқып, пайдалана бастадым. Бальзамды ішкенге дейін көп дәрі-дәрмектер қабылдадым, әсері көңілімнен шықпады. Бальзамды ішкеннен бері денсаулығым жақсара бастады. Жүрек ауруы қазір мазаламайды. Ентікпе деген не екенін ұмыттым. Бауырым мүлдем мазаламайды. Созылмалы бронхиттен, әлсіздіктен айықтым. Қазіргі таңда денсаулығым жақсы. Сіздерге алғысым шексіз, рахмет!

Мылтықбаева Ажар, 73 жаста, Түркістан обл., Түлкібас ауд., Майтөбе ауылы

– Жас ұлғайғасын ба, бойымда аурулар көп. Қан қысымым жоғарылап қажытатын. Екі тізем мен белім қақсап, жүргізбейтін. Бүйрегім ауырып мазалайтын. Бір жыл бұрын «Женьшень» бальзамы жайлы газеттен оқып, бальзамның 2-3 курсын қабылдадым. Бальзамды ішкеннен соң қан-қысымым қалыпқа келді. Дәрі-дәрмек ішпейтін болдым. Тізем мен белімнің ауырғаны басылып, қимыл-қозғалысым жақсарды. Бүйрегімнің ауырғаны қойды. Күш-қуатым артып, өзімді жақсы сезініп жүрмін. Енді үйдегі келінім де «Женьшень» бальзамын қабылдауда. Жас болғанмен, денсаулығында кінәрат көп. Сонымен, біз отбасымызбен «Женьшень» бальзамын ішіп, денсаулығымыз жақсаруда. Өзімізді жақсы сезінудеміз, әлсіздік басылып, қимыл-қозғалысымыз жеңілдеді.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

Бір курсқа бальзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады.

Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.

3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН

«Женьшень» бальзамы, «Саган Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 желтоқсан күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Сейілов Үргеніш, Қызылорда облысы, Арал қаласы

– Менің жасым 62-де. Көп жылдар бойы буын ауруына шалдығып, қолдарым мен аяқтарым сырқырап ауыратын. Буындарым мен аяқтарым ісіп, мазалайтын. Жүріп-тұруым қиындап кетті. «Отты тамыр» кремін қолданғаныма 1 ай болды. Ауыратын жерлеріме күніне 3 мезгіл сылап жағамын. Буын ауруы қазір мазаламайды. Аяқтарымның ісінгені кетіп, қан айналымы жақсарды. Қазір емін-еркін қозғаламын.

Газетіміздің келесі саны 7 желтоқсан, сенбі күні шығады.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29535 Тапсырыс №1898 | Кезекші редактор Шынар БЕКБАН.